

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) – «Қуралай» балабақшасы

Топ: ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 15.04 - 19.04.2024ж.

Педагогтың аты-жөні Уалиева Дария

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызынын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа занды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен "Үйдегі ойын бұрышы" тақырыбында кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қараяу)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсөніштерін дымқыл шүберекпен сұрту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен сумен бұрку.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды тәртіpte ұстау: жуу, кептіру, сұрту және орнына қою.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсөніштерін дымқыл шүберекпен сұрту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Күтушіге төсектерді салуға көмектесу.

және басқалар)	<p>"Гүл дүкені" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларды өсімдіктерді түсіне қарай топтастыруға, әдемі гүл шоқтарын жасауға үйрету.</p> <p>Барысы: үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі-түсті жапырақшалар тұрады. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдал, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі</p>	<p>"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету. Барысы: педагог әртүрлі өсімдіктер мен бүтәлардың аттарын атайды, ал балалар сол жерде өсетіндерді ғана таңдайды. Егер олар өссе, балалар қолдарын шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез-келген</p>	<p>Қоршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу</p> <p>"Ағаштар мен бүтәлар".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың ағаштар мен бүтәлар атаулары арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру;</p> <p>ағаштар мен бүтәларды бір-бірінен ажыратып, оларды атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен байқампаздығын дамыту.</p>	<p>Саусақ жаттығуы. «Тұқым себү».</p> <p>Ішіне топырақ толтырылған бір рет пайдаланатын кішкентай пластмасса ыдысты таратып береді.</p> <p>Алдыларындағы қорапшадан өсімдік тұқымын алып, ыдысқа отырғызууды ұсынады. Бұл өсімдіктер апат болған ғаламшардың ауасын тазартады.</p> <p>Педагогтің көрсетуімен кішкентай пластмасса ыдыстарға қорапшадағы тұқымдарды себеді.</p> <p>(коршаған ортамен танысу)</p>	<p>Ойын-имитация (қимылды жаттығу) "Жас қарағай".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Құралдар: қарағайдың суреті.</p> <p>Жас қарағай</p> <p>Жас баладай</p> <p>Қаз тұрды да, бойлайды.</p> <p>Тауды аралай, тасты аралай,</p> <p>Жүгіріп жел, ойнайды.</p> <p>Ш. Мәмбетов (сөйлеуді дамыту</p>
-----------------------	---	---	--	---	---

	<p>бойынша да, формасы бойынша да сәйкес келетін гүл табады.</p> <p>(қоршаған ортамен тәнистыру, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>қимылды таңдауға болады), ол жерде өспесе, балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және т.б..</p> <p>(қоршаған ортамен тәнису)</p>			<p>және көркем әдебиет, дene шынықтыру)</p>
Ертеңгілік жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (жалаулармен).</p> <p>1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дene тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермен, "желбіре" деген сөзді айтады.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып.</p> <p>1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермен, "желбіре" деген сөзді айтады.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып.</p> <p>1.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дene тік, қол төменде.</p> <p>2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауларын сермен "жаса" деген сөзді айтады.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, жалаулар тізе үстінде.</p> <p>3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауларын жоғары желбіретіп "тербе" деген сөзді айтады.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p>				

	<p>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дene бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>(дene шынықтыру)</p>					
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауга үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртууді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Сиқырлы ғой қасығым, Жылдам жеймін асымды. Міне тамақ, міне шай, Тым асықпай, жеші жәй.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<table border="1"> <tr> <td>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне мотивациялық дайындықты</td><td>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне мотивациялық дайындықты</td><td>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне мотивациялық дайындықты</td><td>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне мотивациялық дайындықты</td><td>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне мотивациялық дайындықты</td></tr> </table>	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне мотивациялық дайындықты				
Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне мотивациялық дайындықты	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне мотивациялық дайындықты	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне мотивациялық дайындықты	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне мотивациялық дайындықты	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс- әрекетіне мотивациялық дайындықты		

	<p>қалыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Жарық болсын күніміз, Жарқын болсын үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гуліміз. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>қалыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қол алысып, кәне біз, Достасайық бәріміз</p> <p>Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шенберге.</p> <p>Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос булу. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>қалыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты,</p> <p>Шашып бізге шапағын, Тілейміз сізге ақ таңын,</p> <p>Куанышын, шаттығын Қайырлы таң! Қайырлы күн! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>қалыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Күннің көзі ашылып, Кекте шуақ шашылып, Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті. Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой, Ал, кәнекей бәріміз, Сәлем дейік үлкенге! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>қалыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Алтын таңының шуағы, Бақыт үшін туады. Қайырлы тан, қонақтарым, Жарық күннің тұрағы! (сөйлеуді дамыту)</p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Дене шынықтыру "Талшықтай талшыбық". Мақсат-міндеттер. Балаларда арқан бойымен жүру кезінде тәпе-тендікті</p>	<p>Дене шынықтыру "Талшыбық". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сактап,</p>	<p>Музыка "Достық шенбері". Мақсат-міндеттер. Балаларды әлемдік классикалық композитор В. Моцарттың</p>	<p>Дене шынықтыру "Талшыбықтай майысып". Мақсат-міндеттер. Балаларды шенбердегі өз орнын табу (бағдары</p>	<p>Қазақ тілі «Ақ қайын». Ағаштың құрылымы. Мақсат-міндеттер. Қазақ тіліндегі сөйлеуді қабылдауды, қайын</p>

	<p>сақтау; жылдам (10-20 метр) қарқында жүгіру; тізені биікке көтере отырып жүргү дағдыларын жетілдіру; қымыл белсенділігін дамыту.</p>	<p>бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; бір жағы 20-30 см биік қигаш тақтайдың үстімен жүргүг жаттықтыру.</p>	<p>шығармасын тереңірек түсініп, соңына дейін тыңдал, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажыратада білуге үйрету; шығарма сипатын анықтай отырып, өз әсері туралы әңгімелей білу қабілеттерін қалыптастыру; хорда сөздер мен дыбыстарды таза және анық, фортепиано сүйемелдеуімен өлең айту дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>бойынша) дағдыларын қалыптастыру; еденге тігінен тұрған күрсаудан еңбектеу дағдыларын дамыту; ептілікті дамыту; оку қызметін пысықтау.</p>	<p>туралы сұрақтарға жауап беруді үйрету; сөздердің аяқталуын еркелетуді білдіретін сөз тіркестерін үйлестіре отырып, қазақ тіліндегі өлең жолдарын анық айтуды, қымылдарды жолдардағы ырғақпен және өуен ырғағымен үйлестіруді үйрету.</p>
Серуенге дайындық	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Серуен	Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау. (қоршаған	Жаяу жүргіншілер жолын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	Өтіп бара жатқан көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	"Достар мен отбасылардың қауіпсіздігі", балабақша	Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)

ортамен танысу, сәйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту; бақылау дағдыларын дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарды тамақтандыру). (еңбек дағдылары) Мақсаты: Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақтар". (dene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дәл орындауға, женіл	дамыту) Мақсат-міндеттер: жолдың жаяу жүргінші бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін бекіту; бақылау дағдыларын дамыту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (кішкентай бұтақтарды жинау). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ережелер	дамыту) Мақсат-міндеттер: көлік түрлері туралы білімдерін бекіту, ересектердің жұмысына деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (eңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды учаскедегі тексеруге шақыру, болуы мүмкін қауіпті анықтау, қауіпті жағдайлардың алдын-алу үшін не істеу керектігін талқылау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (eңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: нұсқаулыққа сәйкес және бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру, жалпыға бірдей жұмыс істеуге деген үмтұлысты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен тұлкі". (dene	алаңында мақсатты серуендеу. (қоршаған ортамен танысу, сәйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларды учаскедегі тексеруге шақыру, болуы мүмкін қауіпті анықтау, қауіпті жағдайлардың алдын-алу үшін не істеу керектігін талқылау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (eңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: нұсқаулыққа сәйкес және бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру, жалпыға бірдей жұмыс істеуге деген үмтұлысты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен тұлкі". (dene	Мақсаты: әлемді тұтас қабылдаудың негізі ретінде жер мен көктің бірлігі туралы сананы қалыптастыруды жалғастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы бұтақтарды жинау). (eңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: нұсқаулыққа сәйкес және бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру, жалпыға бірдей жұмыс істеуге деген үмтұлысты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен тұлкі". (dene
---	--	--	--	---

	<p>қозғалуға, бүкіл ойын кеңістігін пайдалануға үйрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, ырғақты қимылдарға машықтандыру. "Мен секілді жаса". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: моториканы дамыту, эмоционалды көңіл- күйлерін көтерілуге ықпал ету.</p>	<p>батылдықты дамыту, ашық ойындарға деген</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жұгірейік". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жылдамдықты, ептілікті дамыту.</p>	<p>нақтылықты, ептілікті дамыту, өзіне деген сенімділікті</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Нысанаға жет". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алға қозғалыспен балаларды екі аяқпен секіруге жаттықтыру.</p>	<p>құстарды байқауға үйрету; балаларды құстарға қамқорлық жасауға шақыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қу түлкі". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды жүгірге жаттықтыру, ептілікті дамыту, дene белсенділігін арттыру.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Ең жылдам". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту.</p>	<p>шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін айтуға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дұрыс орындауды үйрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Ең жылдам". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту.</p>
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алушы, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртууді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; наңды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Сиқырлы ғой қасығым, Жылдам жеймін асымды. Міне тамақ, міне шай, Тым асықпай, жеші жәй.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Түскі үйқы	Балалардың тыныш үййіктауына жайлы жағдай туғызыу.				
Біртіндеп үйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Ашуулы мысық; (тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру).</p> <p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.</p> <p>(дene шынықтыру)</p>				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,	Вариатив компонент/Әлеумет «Көлік» Мақсаты: Көлік туралы түсінік беру, олардың түрлерін айыра	Математика негіздерінен ойын-жаттығулар "Әртүрлі арықтар". Мақсат-міндеттер. Балалардың "оң жақ",	Сурет салудан ойын-жаттығу "Гүлденген баубақша". Мақсат-міндеттер. Балалардың көлденен	«Мейірімділік агашы» Ойынның мақсаты: «игі істер» туралы түсінік	Қимылды ойын. Мысық пен тышқан «Мысық» пен «Тышқанды» таңдалап алады. Қалған

<p>кітаптарды қаралу және басқалар)</p>	<p>білуге үйрету (женіл және жұқ көлік, автобус, троллейбус трамвай, поезд). Автобус пен женіл көлікпен адамдар жүреді, ал жұқ көліктер жұқ тасиды деп түсіндіру.</p>	<p>"сол жақ", "жоғары", "төмен", "ортасы" ұғымдарын түсінуін тиянақтау, заттардың ұзындығы жөніндегі түсініктерін жетілдіру; адамның көктемгі жұмыстарын, мезгіл құбылыстарын қайталау.</p> <p>"Соқыр теке" қазақтың ұлттық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу, бір-бірлеріне кедергі жасамау, дабылға жылдам назар аудару. Ойын үйде де, далада да ойнала береді.. Ойыншылар шенбер күрып, дөңгелене</p>	<p>жатқан қағаз бетіне, төменгі түзу сызыққа қарындашпен бірнеше ағашты қатарға салуға үйрету; ағаш бұталары бойына мақта таяқшаларымен нұктелі жақпалар қойып, жаңа атып жатқан бүршіктерді салу амалына жаттықтыру.</p>	<p>қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Педагог балалардың назарын ватман парагына салынған «мейірімділік ағашына» аударады және олардан игі істер туралы айтып беруді сұрайды. Қатысушылар айтқан сөздеріне қарай ағашқа жемістің суретін салады. Ойын балалар өздерінің игі істерін айтып болғанға дейін жалғасады. Ойынның соңында ағаштың суретін қабырғаға іліп қоюға болады және оған арасында жаңа жемістер қосуға болады.</p>	<p>балалар қол ұстасып шенбер құрайды. Ойыншылар тышқан келгенде қолдарын көтереді де, тышқанды шенбердің ішіне кіргізеді, мысық келгенде қолдарын түсіріп, оны шенбердің ішіне кіргізбейді. Мысық тышқанды құып жетіп, қолға түсіруге тырысады. Тышқан қолға түскеннен кейін, олардың орнына басқа балалар сайланады. (дene шынықтыру)</p>
--	---	--	---	--	--

турады да, ортада
көзі байланған бір
адамды қалдырады.
Соқыр теке — сол.
Қалған ойыншылар
соқыр текені
қолымен тұртіп
қойып, одан айнала
қашып журеді. Ал
соқыр теке сол
тұрткен адамды
ұстап алып, тануға
тиісті. Егер ол
устаган кісіні таныса,
оның көзін байлап,
соны соқыр теке
жасайды. Өйтпеген
жағдайда соқыр теке
ойыны ары қарай
жалғаса береді.
Ол:
Қаранғыда көзім жоқ,
Тиіп кетсе сөзім жоқ.
Қайда кеттің қалқа
жан,
Жетектейтін өзің
жоқ.
Қолға тұскен

		<p>құтылмас, Қала бермек көзім боп, — деп таяғын өзі болжаган тықыр, дыбыс естілген жаққа қарай соза береді. Айнала трған ойнаушылар қашып жүреді. (дene шынықтыру)</p>			
Балалармен жеке жұмыс	<p>Тыныс алу жаттығулары "Тұлқіні тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Біріншің артынан бірің ақырын жүріп отырып, асықпай іздейміз, тұлқін тауып алған балалар қолдарынды жоғары көтересіндер! Педагог балаларды осылай</p>	<p>Баламен еркін таңдалған, кез келген ертеғінің кейіпкерлері, мазмұны жайлы әңгімелесу. (көркем әдебиет)</p>	<p>"Шеберхана" үстел үсті ойыны. Балалар "шеберхана" сюжетті-рөлдік ойынын үйімдастырып, етік тұрларін жасап көрсетеді. Педагог дайын етік тұрларін және ою тұрларін таратады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Дидактикалық ойын. «Қасқырдан құтқар». Мақсат-міндеттер: тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға (үй жануарлары мен қасқырдың нақпішіндеріне) аударады. Әр үй жануарын қасқырдан</p>	<p>«Тұрлі-түсті ғұл шоғы». Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоционалды көңіл-күйін көтеру. - Балалар біз, орман алаңымен келеміз деп елестетіндер. Күн ашық, құстар сайрап жүр, самал жел соғып тұр. Өсімдіктердің хош иісін байқадындар ма? Біз орманда саяхаттамыз, мұнда</p>

	ынталандырып, ойын түрінде тыныс алу жаттығуларын өзімен бірге орындалады. (дene шынықтыру)		күтқару үшін ол туралы өлең, жұмбак, жаңылтпаш айту керектігін түсіндіреді. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	турлі-түсті гүлдер бар, ақ, қызыл, көк, сары т.б.. Гүлдерді жұлуға болмайды. Олар біз секілді өмір сүреді. Енді, сіздерге ұнаған гүлді тандаңыз. Оның түсін, көлемін байқаңыз, естеріңе сақтаңыздар. Енді бізге кейін оралу керек. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішү құралдарын орнымен қолдануға баулу.			
Серуен	Тұскі серуендеңі бақылауды жалғастыру. (қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)			
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуда машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)			
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кенейту, сөздік қорды			

<p>үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қару және басқалар)</p>	<p>заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ғарыш, жер-Ана, көктемгі ағаштар) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс өртегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытууды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктең, жеткізууді үйрету. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтуды; өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсінуді үйрету.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Өн айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музика тыңдауға үйрету.</p> <p>Өнер бұрышында андардың бояу суреттерін бояту, ұлпакар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау.</p> <p>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Геометриялық фигуralардың (дөңгелек, шаршы, ұшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. (математика негіздері)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, он-сол.</p>				
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-</p>	<p>"Отбасылық салт-дәстүр" атты</p>	<p>Әрбір баланың балабақшадағы</p>	<p>Балалардың қабілеті жайлы ата-</p>	<p>"Бала бөлмесіне арналған гүлдер"</p>	<p>"Гүлдер" атты тақырыпта көрме</p>

аналарға кеңес)	тақырыпта әңгімелесу.	тәрбиесі жайында сөйлесу.	аналармен әңгімелесу.	атты ата - аналарға арналған кеңес.	ұйымдастыру.
-----------------	--------------------------	------------------------------	--------------------------	--	--------------

Тексерген



Конопльянова А.К.